

## Анықтама

6-11 қазан аралығында тәрбие бағыты бойынша интеллектуалды мәдениетті дамыту апталығы болып өтті. Апта барысында осы бағытта барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті. 7 қазан күні математика пәні мұғалімдері 5-11 сынып білім алушыларымен математикалық брейн-ринг өткізді. Ойынға қатысушылар жақсы дайындықпен келгендіктерін көрсете білді, жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды.

8 қазан күні тәлімгер Абдіқалықова Ақтоты 2 - 3 сынып білім алушыларымен «Алтын сақа» интеллектуалды ойын – сайысын өткізді. Үш топтың арасында өткен ойынның нәтижесі бойынша «Тапқыр» тобы жеңіске жетті.



9 қазан күні «Ең үздік күнделік» байқауы болып өтті. Нәтижесінде 9 сыныптардың күнделіктері үздік танылды. 10 қазан күні 4 сынып білім алушыларымен «Зерде» интеллектуалды ойыны өткізілді.



11 қазан күні 5-7 сынып білім алушыларымен «Кім жылдам?» атты интеллектуалды ойыны өткізілді. Сайыс «Бәйге», «Көкпар», «Хан талапай» бөлімдерінен тұрды. Жеңісті 5а сыныбы иеленді.



Сонымен қатар 11 сынып білім алушылары арасында «Ең алғыр» атты интеллектуалды ойын өткізілді. Сайыс «Жылдар сөйлейді», «Тарихи тұлғаны таны», «Терминдермен жұмыс», «Ойды аяқта», «Бумеранг» бөлімдерінен тұрды. Сайысқа қатысқан үш топтың ішінде I топ жеңіске жетті. Сайысты өткізген тариха пәні мұғалімі Тлеуова Майра.

Орындаған: Жасағанбергенова Б